

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I (бастапқы) мектепшілік кезеңін ұйымдастыру және өткізу ТӘРТІБІ

1. Облыстық ұйымдастыру комитетінің құрамы облыстық білім басқармалары басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Олимпиаданың I кезеңінің ұйымдастыру комитеті:

- Олимпиаданың I кезеңіне басшылықты жүзеге асырады;
- Олимпиаданың I кезеңін өткізуді ұйымдастырады;
- Олимпиаданы өткізу орнын анықтайды;
- Олимпиаданың I кезеңінің өткізілуін үйлестіреді және бақылайды;
- Олимпиаданың қорытындыларын талдайды және қорытындылайды;
- Республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарына және "Дарын" РҒПО-на олимпиада қорытындылары туралы ақпарат береді. Олимпиаданың қорытындылары туралы есепті «Дарын» РҒПО-ға жолдайды;

- кезең қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарының рейтингін жасайды;

- іс-шараны өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мүдделі емес «үшінші тұлғаларды» (ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер немесе ғалымдар) шақырады.

- Олимпиада кезінде Академиялық адалдық қағидаларын сақтауға жауапты.

2. «Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі» пәні бойынша Олимпиадаға ұлты қазақ емес оқушылар қатысады (әкесінің ұлты қазақ болмауы тиіс), ұлты туу туралы куәлігі бойынша сәйкестендіріледі.

3. Олимпиаданы өткізу рәсімдері бойынша ұйымдастыру комитетінің кеңесі іс-шараға бір күн қалғанда өткізілуі тиіс. Жиналыста ұйымдастыру комитетінің төрағасы бастапқы кезеңді өткізу туралы бұйрықпен таныстырып, Олимпиада кезінде жауапты тұлғалардың міндеттерін нақты бөле отырып, жауапты тұлғалар мен кезекшілерге нұсқама береді. Ұйымдастырушы аудиторияда және дәліздерде кезекшілікті қамтамасыз етуге міндетті. Аудитория бойынша кезекші мұғалімдер Олимпиада бейіні бойынша пән мұғалімдері болмауы тиіс.

4. Олимпиада өткізілетін орындардағы ұйымдастыру комитеттері қатысушыларды уақытылы хабардар етуге, қадағалауға, қажетті жабдықтармен және керек-жарақтармен қамтамасыз етуге жауапкершілік етеді.

5. Олимпиаданы өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін жергілікті жерлерде мүдделі емес "үшінші тұлғалар" (ата-аналар

комитетінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, журналистер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдері және депутаттар) қатысуға құқылы.

6. Олимпиаданың I кезеңінің ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау үшін оны өткізу процесін онлайн режимінде қарау үшін бейне бақылау жүйесімен (бір аудиторияда кемінде жалпы көріністі алатын екі камера) қамтамасыз етіледі. **Youtube бейне бақылау сілтемесін жинақтау және Олимпиада кезінде кабинеттерді бақылау өңірлік Дарын орталықтарына жүктеледі.**

7. Әрбір қатысушыға Олимпиаданы өткізуге қойылатын талаптарға сәйкес әр жалпы білім беру пәні бойынша жұмыс орны беріледі. Олимпиадаға қатысушылардың жұмыс орындары қатысушыларға тең жағдайда қамтамасыз етілуі және Олимпиаданы өткізу уақыты кезіндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сәйкес болуы тиіс.

8. Интернет немесе электр қуатымен мәселе туындаған жағдайда, осы аудандағы барлық қатысушыларының жұмыстары жойылады. Жауапкершілік аудандық ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүктеледі.

9. Олимпиада басталғанға дейін әрбір жалпы білім беретін пән бойынша (кестеге сәйкес) ұйымдастыру комитетінің өкілі олимпиада қатысушыларына нұсқама өткізеді. Олимпиада турының ұзақтығы және нұсқаулық ережелерін бұзған жағдайда қатысушыларды шектеу туралы хабарлайды.

10. Олимпиаданы өткізу кезінде қатысушыларға бір-бірімен сөйлесуге, аудитория бойынша еркін жүріп-тұруға тыйым салынады. Қатысушылар тапсырмаларды орындау кезінде әрбір жалпы білім беретін пән бойынша ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарда айқындалған тізбеде көрсетілген анықтамалық материалдары мен электрондық-есептеу техникасы болуға құқылы.

11. Қатысушы осы тәртіпті және (немесе) әрбір жалпы білім беретін пән бойынша олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушының өкілі қатысушыны шеттету туралы акт жасай отырып, осы қатысушыны аудиториядан шығаруға құқылы.

12. Олимпиада аяқталғаннан 14 күннен кейін жеке кабинеттен қатысқаны туралы сертификатты жүктей алады.

Аудиториядағы (кабинеттегі) кезекшіге арналған нұсқаулық:

1. Олимпиада басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын Олимпиаданы өткізу орнына келу;
2. Аудиторияның (кабинеттің) дайындығын алдын ала тексеру (кезекшілік, изолятордың, медициналық көмек көрсету үшін жеке кабинеттің болуын қамтамасыз ету).
3. Кабинеттің жалпы көрінісін көрсететін камераның болуын алдын ала тексеру, яғни білім бөлімінің youtube каналында бейне трансляцияны қамтамасыз ету;
4. Олимпиада басталғанға дейін 15 минут бұрын қатысушыларды аудиторияға кіргізу (бекітілген тізімге сәйкес);
5. Олимпиадаға қатысушыларды бір мектеп пен сыныптың екі қатысушысы қатар отырмайтындай етіп отырғызу;
6. Олимпиадаға қатысушыға арналған нұсқаулықты екі тілде дауыстап оқу
7. Олимпиадалық тапсырмаларды орындау уақыты кезінде аудиторияда тәртіпті қамтамасыз ету;
8. Олимпиада кезінде қатысушы ауырып қалса, оны кезекші мұғалімге дәлізге шығарып, медицина қызметкерін шақыру;
9. Олимпиада аяқталуға 10 минут қалған уақыт туралы хабарландыру жасау;
10. Қатысушы Олимпиаданы өткізу ережелерін бұзған жағдайда оны шеттету рәсімін жүзеге асыру;
11. Қатысушыны шеттету туралы Акт жасау (шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді. Қатысушы актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оған «қол қоюдан бас тартты» деген жазба енгізіледі. Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады);

Олимпиада турын өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. қатысушылар арасындағы әңгімелерге;
2. орнынан тұруға;
3. басқа қатысушының орнынан орнына ауыстыруға;
4. қатысушылар арасында кез-келген материалдар және заттармен алмасуға;
5. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалануға.

Олимпиаданы өткізу тәртібін бақылаушыға арналған нұсқаулық:

1. Олимпиаданың I (бастапқы) кезеңінің бақылаушысын білім бөлімі ата-аналар комитеті, журналистер немесе ғалымдар (мүдделі емес тұлғалар) арасынан тағайындайды.
2. бақылаушы Олимпиада өтетін жерге олимпиада басталғанға дейін кемінде 30 минут бұрын келуі тиіс;
3. нұсқаулыққа сәйкес Олимпиаданың адал және объективті ұйымдастырылуын бақылау;

4. тәртіп бұзылған жағдайда ұйымдастыру комитеті тарапынан бұзушылық туралы хаттама жасау және оны «Дарын» өңірлік орталығына жіберу;

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I (бастапқы) кезеңі бойынша техникалық нұсқаулық

Оқушы олимпиадаға дейін техникалық турды міндетті түрде өту қажет. Техникалық турды тіркелгеннен кейін мектепте олимпиада өтетін кабинетте 17.09-24.09.2024 аралығында өту қажет.

Жауапты IT маманы әр оқушыға 14.09-16.09.2024 аралығында интернет желісіне қосылған компьютер немесе ноутбук дайындау қажет. Оған Google Chrome браузерін және SAFE EXAM BROWSER орнату міндетті. SAFE EXAM BROWSER дің нұсқасын және орнату қағидаларын auyl.daryn.kz сайтынан 14.09-16.09.2024 аралығында жүктеуге болады.

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ!!! БҰЛ БАҒДАРЛАМА ОРНАТЫЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА немесе БАҒДАРЛАМАНЫҢ НҰСҚАСЫ ҚАТЕ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ОҚУШЫ ОЛИМПИАДАҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ҚАТЫСА АЛМАЙДЫ.

- Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушы **ОТПРАВИТЬ** батырмасын басу қажет. Баспаған жағдайда нәтиже есептелмейді.

- Уақыт аяқталғанда тестілеу сервердан автоматты түрде тоқтатылады.

- Қосымша уақыт берілмейді.

Толық техникалық нұсқаулық auyl.daryn.kz сайтында.

Тех. сұрақтар бойынша: 87172795866

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың I (бастапқы) кезеңінің қатысушысы үшін нұсқаулық

Құрметті олимпиаданың қатысушылары!

Қазір сіз арнайы платформаға кіріп, логин мен парольді енгізуіңіз керек. Логин мен пароль дұрыс енгізілгеннен кейін «Кіру» батырмасын басып

Тестілеу уақыты 45 минут.

Тестілеуді оқушы компьютерде орындайды.

Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушы **ОТПРАВИТЬ** батырмасын басу қажет. Баспаған жағдайда нәтиже есептелмейді. Уақыт аяқталғанда тестілеу сервердан автоматты түрде тоқтатылады. Қосымша уақыт берілмейді.

Олимпиадаға қатысушылар құқылы:

- Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарлары (жазу құралдары, жапсырмасыз мөлдір бөтелкедегі ауыз су және шоколад) болуына;

- Олимпиадаға қатысушылар сайыс кезінде аудиториядан дәлелді себеппен (санитариялық бөлмеге, медициналық кабинетке) шыға алады. Аудиториядан қажетіне қарай шыққан кезде қосымша уақыт берілмейді.

Олимпиада турың өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

1. қатысушылар арасында әңгімелерге;
2. орнынан тұруға;
3. қатысушылардың орыннан орынға ауысуына;
4. қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасуға;
5. анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалануға.

Жарысқа қатысу ережелерін бұзған немесе оларды сақтаудан бас тартқан жағдайда қатысушы Олимпиадаға қатысуды жалғастыру құқығынан айырылады.

Шеттету ұйымдастыру комитетінің кемінде екі мүшесінің қолы қойылған және қатысушының жеке қолы қойылған арнайы актімен ресімделеді және Олимпиада пәні бойынша қатысу нәтижелері жойылады.

**Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер
бойынша республикалық олимпиаданың I (бастапқы) кезеңі бойынша
қатысушыны шеттету туралы
Акт**

Күні _____

Қатысушы АЖ _____

Сынып _____

Білім беру ұйымының толық атауы

(ауданы, қаласы, облысы)

Акт жасалды _____
(Аудиторияда жауапты ұйымдастырушының аты-жөні)

Қатысушыны шеттету себебі

Ұйымдастырушының қолы _____ / _____

Аудиториядағы ұйымдастырушының қолы _____ / _____

[Handwritten signatures]